

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 558 "Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қыркүйектегі № 618 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қыркүйекте № 29461 болып тіркелді

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 558 "Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28110 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Н. Налибаев

Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы:					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/ шағылыстыру маусымы	10 000	34 406	344 060
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	14 390	215 850
2	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	805	120 750
3	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
3.1	Отандық	сатып алынған бас	150 000	769	115 350
3.2	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	444	99 900
	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға				

4	өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	836 730	167 346
барлығы		1 063 256			
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы:					
5	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:				
5.1	Бір жынысты	сатып алынған доза	10 000	2 000	20 000
6	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
6.1	Отандық	сатып алынған бас	200 000	400	80 000
барлығы		100 000			
7	Сүт өндіру құнын арзандату:				
7.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	45	6 930 711	311 881,995
8	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	бағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	2745	13 725
барлығы		325 606,995			
Жұмыртқалы құс шаруашылығы:					

9	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	24 000	1 440
Қой шаруашылығы:					
10	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
10.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/ шағылыстыру маусымы	4 000	87 267	349 068
10.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	44 950	112 375
11	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	32 524	487 860
12	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың е р к е к дарақтарының құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	9 000	27 000
барлығы			976 303		
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:					
13	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	950	4 750
14	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:				
14.1	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	480 000	1 250	600 000

15	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	73 900	4 434
16	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	164 091	9 025, 005
барлығы		618 209,005			
2021 жылғы күту парағына түскен өтінімдер:					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы:					
17	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
17.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	5 594	55 940
17.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	1 074	16 110
18	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	745	111 750
19	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
19.1	Отандық	сатып алынған бас	150 000	544	81 600
19.2	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	100	22 500
20	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың е р к е к дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті	тірідей салмағы, килограмм	200		77 526

	тұқымдардың еркек дарақтары) кұнын арзандату			387 630	
21	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	256	1 280
барлығы		366 706			
Қой шаруашылығы:					
22	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
22.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	4 000	14 720	58 880
23	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	30 803	462 045
24	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылыстыру маусымы	1 500	420	630
барлығы		521 555			

25	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	50	250
26	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:				
26.1	Етті және етті-сүтті бағыттағы тауарлық ірі қара малдың аналық басы	бас	15 000	1 696	25 440
26.2	Қойдың аналық басы		2 500	1 842	4 605
26.3	Жылқының аналық басы		10 000	2 143	21 430
26.4	Түйелердің аналық басы		10 000	160	1 600
барлығы		53 325			
Жиыны		4 026 401			

Ескертпе:

Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қошқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.